

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1080 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 20 карашадағы N 399 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2610. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 24 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 24 Қаулысымен.

Сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1080 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2000 жылғы 13-26 наурызда жарияланған, N 6 (176); Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1275 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 352, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1574 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулыларымен бекітілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулықта:

кіріспесінде "сақтандырудың барлық түрлері бойынша, оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша, егер міндетті сақтандыру туралы заңдарда өзгеше көзделмеген болса" деген сөздер "сақтанушыға сақтандыру полисін бере отырып қосылу шарты нысанындағы сақтандыру шартын жасаған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру полисі - сақтандырушы сақтанушыға беретін және сақтандыру шарты болып табылатын құжат.

2. Сақтанушыға сақтандыру полисін бере отырып қосылу шарты нысанындағы сақтандыру шартын жасауды көздейтін сақтандыру ережесімен бірге уәкілетті мемлекеттік органға келісуге сақтандыру полисінің мазмұны ұсынылады.";

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтанушыға сақтандыру полисін бере отырып қосылу шарты нысанындағы сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру полисінде мынадай мәліметтер болуы тиіс:";

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 15) тармақшасына сәйкес сақтандыру полисіне өзге де мәліметтер енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 825-1-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру полисі уәкілетті мемлекеттік органға келісуге ұсынылмайды.

Міндетті сақтандыру түрлері (кластары) бойынша сақтандыру полисінде осы тармақта көрсетілген мәліметтерге қосымша Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптар болуы тиіс.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру полистерінің бланкілерін полиграфиялық өнімді шығару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар дайындай алады.

Мұндайда міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру полистері бланкілерінің кем дегенде қолдан жасаудан қорғайтын үш қорғау дәрежесі болуы тиіс, оның ішінде микроәтін, ультрафиолет сәулесінің әсерімен анықталатын көрінбейтін элемент және тангерлік сетка міндетті болып табылады.

Сақтандыру ұйымдары осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмейтін сақтандыру полистерін берген жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымдарына жөнсіздіктерді жою туралы нұсқау жіберуге құқылы.";

12-тармақта "тәртібін" деген сөзден кейін "есепке алуды және" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) және Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы (Жерембаев Е.Е.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз басылымдарында жариялауды қамтамасыз ететін болсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы